ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Ұлы Дала даңғылы, 9
+7 (7172) 79 85 77
www.balletacademy.kz
info@balletacademy.kz

NON-COMMERCIAL JOINT STOCK COMPANY "KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY"
Uly Dala ave, 9
Nur-Sultan, 010000
Republic of Kazakhstan
+7 (7172) 79 85 77
www.balletacademy.kz
info@balletacademy.kz

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ХОРЕОГРАФИИ»
Республика Казахстан,
010000, г. Нур-Султан,
пр. Ұлы Дала, 9
+ 7 (7172) 79 85 77
www.balletacademy.kz
info@balletacademy.kz

24.02.2021 ж. № 26 – 259

**Қостанай облысының әкімі**
**А.Б. Мұхамбетовке**

**Құрметті Архимед Бегежанұлы!**

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ (бұдан әрі – Академия) басшылығы Сізге шексіз құрметін білдіреді.

Сіз басқарып отырған аймақ еліміздің мәдени дамуының ең маңызды орталықтарының бірі болып табылады, бұл жақта жас таланттар, шығармашыл және дарынды балалар, бастамашыл және креативті жастар көп. Біз күн сайын балалармен жұмыс істейтін оқу орны болғандықтан, болашақ олардың еншісінде екеніне терең сенімдіміз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Өскелең ұрпаққа мәдени тәрбие берудің және қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтаудың маңыздылығы туралы бірнеше рет айтқан болатын. Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне ерекше көзқарас – партиотизмнің маңызды белгісі»,- деп жазылған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдаулары мен үндеулерінде де бай ұлттық мәдени мұраны сақтауға және дамытуға шақырады.

Біздің Академия – хореография саласында бастауыш мектеп, колледж, бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша толық білім беретін Орталық Азиядағы бірінші жоғары оқу орны. Осындай бірегей балет академиясын құру идеясы Қазақстанның Тұңғыш Президентіне тиесілі. Академияның негізгі миссиясы ұлттық дәстүрлерді қайта жаңғырту және қазақ мәдениетін әлемдік балеттің даму дәстүрімен үйлестіру болып белгіленді. Ашылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін басты міндетіміз бүкіл әлемде Қазақстанның даңқын шығаратын дарынды балет әртістерін дайындау және би мен балет өнерінде Қазақстанның жаңа ұлттық брендін қалыптастыру болып табылады. Жүктелген миссия мен биік мақсаттарға байланысты жыл сайын Академияда оқуға балаларды мұқият іріктеу жүргізіледі.

**Биылғы жылы алдын ала фото іріктеу 1-3 сыныптарға түсушілер үшін 22 ақпаннан 15 маусымға дейін, 4-сыныпқа түсушілер үшін 2021 жылғы 30 маусымға дейін жүргізіледі**.

Негізгі орта білім алған (9-сынып) және мамандандырылған оқу орындарын (хореографиялық училищелер, сертификатталған хореографиялық және өнер мектептер) бітірген тұлғалар үшін құжаттарды қабылдау «Би ансамблінің әртісі» біліктілігінің «Хореография өнері» мамандығы бойынша оқуға түсу үшін 2021 жылғы 20 маусым мен 20 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ата-аналарды, педагог-хореографтар мен балаларды Қазақ ұлттық хореография академиясына түсу үшін құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы хабардар етуге, атап айтқанда, Қазақ ұлттық хореография академиясының өкілдерімен байланысты қолдау үшін Білім басқармасы мен Мәдениет басқармасында жауапты қызметкерді анықтап, орта мектептерде, мемлекеттік және жеке балет пен би студияларында ақпаратты таратуға ықпал етуіңізді сұраймыз. Сонымен қатар, халықты мүмкіндігінше ақпараттандыру үшін 20 секундтық бейнероликті қаланың LED-экрандарына, сауда ойын-сауық орталықтарында, сапаржайларда, автобустарда және т.б. орналастыруды сұраймыз. Академия тәрбиеленушілерінің тегін білім алуға, интернатта тұруға, сондай-ақ тамақпен және арнайы киіммен қаржысыз қамтамасыздалуына мүмкіндік бар екенін атап өткіміз келеді.

Бұл шаралар дарынды және талантты балаларға кәсіби білім алу мүмкіндігін жіберіп алмауға және, әйгілі балет әртістері болуына көмектеседі деп сенеміз. Сіздің қолдауыңызға үміт артамыз және көмегіңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Қосымша: 1. Қазақ ұлттық хореография академиясына түсу туралы ақпарат, 1 парақта.
2. LED экрандарда орналастыру үшін бейнеролик. 2 дана (қазақша, орысша)

**Құрметпен,**
**Ректор** **А. Асылмуратова**

*1-қосымша*

**Қазақ ұлттық хореография академиясына түсу туралы ақпарат**

1-3 сыныптарға түсушілер үшін фото бойынша алдын ала қарау 2021 жылғы 22 ақпаннан 15 маусымға дейін жүргізіледі, онда баланың табиғи және физикалық деректері бағаланады.

4-сыныпқа түсушілер үшін фото бойынша алдын ала қарау 2021 жылғы 22 ақпан мен 30 маусым аралығында өткізіледі. Осы: https://balletacademy.edu.kz/ru/fotoprosmotr/ сілтеме бойынша өту арқылы Қазақ ұлттық хореография академиясының кәсіптік білім беру мектеп-колледжіне түсу емтихандарына рұқсат алу үшін қашықтықтан қараудан өту шарттарымен танысуға болады.

Егер бала фото бойынша алдын-ала қараудан өтсе, ол түсу емтихандарына жіберіледі.

Негізгі орта білім алған (9-сынып) және мамандандырылған оқу орындарын (хореографиялық училищелер, ұлттық академиялар, сертификатталған хореографиялық мектептер) бітірген тұлғалар үшін құжаттарды қабылдау «Би ансамблінің әртісі» біліктілігінің «Хореография өнері» мамандығы бойынша оқуға түсу үшін 2021 жылғы 20 маусым мен 20 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 79-85-42;

Толық ақпарат: www.balletacademy.edu.kz

Instagram: @balletacademy_kz

дб-259
24.02.2021г

**Акиму Костанайской области**
**Мухамбетову А.Б.**

**Уважаемый Архимед Бегежанович!**

Руководство НАО «Казахская национальная академия хореографии» (далее – Академия) выражает Вам свое почтение и глубокое уважение.

Регион, который вы возглавляете, является одним из значимых центров культурного развития Казахстана. Здесь проживает много молодых талантов, творческих и одаренных детей, инициативной и креативной молодежи. Мы, будучи учебным заведением и ежедневно работая с детьми, глубоко убеждены, что именно им принадлежит будущее. О значимости культурного воспитания подрастающего поколения и сохранения традиций и обычаев казахского народа неоднократно упоминал Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Нурсултан Назарбаев. «Особое отношение к родной земле, ее культуре, обычаям и традициям – это важнейшая черта партиотизма», - говорится в Программной статье Н.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Президент Касым-Жомарт Токаев в Посланиях и обращениях к народу Казахстана также призывает сохранять и развивать богатое национальное культурное наследие.

Наша Академия - первое высшее учебное заведение в Центральной Азии с полным циклом образовательной программы в области хореографии, включающее начальную школу, колледж, бакалавриат, магистратуру и докторантуру. Идея создания такой уникальной балетной академии принадлежит Первому Президенту Казахстана. Основной миссией Академии было обозначено возрождение национальных традиций и интеграция казахской культуры с реалиями развития мирового балета. С момента открытия и по сей день нашей приоритетной задачей является подготовка талантливых артистов балета, которые будут прославлять Казахстан по всему миру и формирование нового национального бренда Казахстана в танцевальном и балетном искусстве. В связи с возложенной миссией и высокими целями ежегодно производится тщательный отбор детей для обучения в Академии. **В этом году предварительный фото отбор будет проводится для поступающих в 1-3 классы с 22 февраля по 15 июня, для поступающих в 4 класс до 30 июня 2021 года.** Для лиц, получивших основное среднее образование (9 классов) и окончивших специализированные учебные заведения (хореографические училища, сертифицированные хореографические школы и школы искусств) прием документов осуществляется с 20 июня по 20 июля 2021 года для поступления по специальности «Хореографическое искусство» квалификации «Артист ансамбля танца».

Учитывая вышеизложенное, просим Вашего содействия в информировании родителей, педагогов-хореографов и детей о начале приема документов для поступления в Казахскую национальную академию

хореографии, а именно способствовать распространению информации в средних школах, государственных и частных балетных и танцевальных студиях, определив ответственного сотрудника в Управлении образования и Управлении культуры для поддержания связи с представителями Казахской национальной академии хореографии. Кроме того, просим разместить 20-секундный видеоролик на LED-экранах города, в торгово-развлекательных центрах, вокзалах, автобусах и др. в целях наиболее широкого информирования общественности. Хотим отметить, что воспитанники Академии имеют возможность получать образование, проживать в интернате, а также обеспечиваются питанием и специальной одеждой на безвозмездной основе.

Мы верим, что данные меры помогут одаренным и талантливым детям не упустить свой шанс получить профессиональное образование и, возможно, стать великими артистами балета. Надеемся на Вашу поддержку и выражаем благодарность за помощь.

Приложение: 1. Информация о поступлении в Казахскую национальную академию хореографии на 1 листе.
2. Видеоролик для размещения на LED экранах (каз.,рус)

**С уважением,**
**Ректор** **А. Асылмуратова**

ACADEMY OF CHOREOGRAPHY

*Приложение 1*

**Информация о поступлении**
**в Казахскую национальную академию хореографии**

Предварительный удаленный фото-просмотр для поступающих в 1-3 классы проводится с 22 февраля по 15 июня 2021 года, где оцениваются природные и физические данные ребенка.

Фото-просмотр для поступающих в 4 класс проводится с 22 февраля по 30 июня 2021 года. Пройдя по следующей ссылке: https://balletacademy.edu.kz/ru/fotoprosmotr/ можно ознакомиться с условиями прохождения фото-просмотра для получения допуска к вступительным экзаменам в школу-колледж профессионального образования Казахской национальной академии хореографии.

Дети, прошедшие фото-просмотр, будут допущены к следующему этапу – к вступительным экзаменам.

Для лиц, получивших основное среднее образование (9 классов) и окончивших специализированные учебные заведения (хореографические училища, национальные академии, сертифицированные хореографические школы) прием документов осуществляется с 20 июня по 20 июля 2021 года для поступления по специальности «Хореографическое искусство» квалификации «Артист ансамбля танца».

Телефон для справок: 8 (7172) 79-85-42;

Подробная информация на сайте www.balletacademy.edu.kz

Instagram: @balletacademy_kz